

Ғаламтор мен газеттің айтысы

Ғаламтор:

Дамып келем, күннен күнге расында,
Болдың газет бұрындары асыл да.
Маған дейін пайдаң болды шынайы
Қазір сенің керегің жоқ жасырма...

Газет:

Дамуыңа қарсы емеспін алайда,
Бәрі сені керекті деп санай ма?
Тіл құралы бола білген мына мені
Сенен төмен санағаны жарай ма?

Ғаламтор:

Елестету қиын менсіз жаңа заман адамын,
Мен өзімді бұл әлемде ең керекті санадым.
Ақпараттық құралмын деп білемін мен өзімді,
Айтшы газет, қандай болмақ келесі сенің қадамың?

Газет:

Маңызымды жоғалтпаймын егер ұқсаң,
Пайдаң қайда өмірге қолды сұқсаң.
Зияным жоқ, бар білерім тек менің
Менсіз елдің тіліне келер нұқсан.

Ғаламтор:

Оңай, әрі тез болар мағлұмат алу мендегі,
Мүмкін емес газеттің ғаламторды жеңгені.
Ақпарат алып жаңаша, көру талай қызықты
Біле білсең барлығы ғаламтордың еңбегі.

Газет:

Не табады ғаламторды шолудан,
Пайда таппас көңілі бір толудан .
Әрекет етіп, сақтау керек ұрпақты
Компьютер басты жарты адамдар болудан.

